Тәрбиелеу мен білім беру процесінің циклограммасы
«Балдырған» (3жас) ортаңғы тобы
(26.09.-30.09.2022ж) V-апта
Қыркүйек айы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 26.09.22**	**Сейсенбі 27.09.22**	**Сәрсенбі 28.09.22**	**Бейсенбі 29.09.22**	**Жұма 30.09.22**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке жеке сұрау **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті/баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындар,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Күн және жаңбыр», «Балабақшада не өседі?» Суретті кітапшаларды бояу,құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға қызықтыру) **Балармен жеке жұмыс.**				
Таңертеңгі жаттығу	**Жаттығулар кешені пән жетекшісінің жоспары бойынша**				
Таңғы асқа дайындық Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз				

	Балалар қазір жылдың қай мезгілі?Күз туралы видео көру. Күзде қандай өзгерістер болады? Видеоға қарап айтқызу Терезеден табиғатты бақылау, күнделікті ауа райына байланысты табиғат бұрышында суреттерді ауыстыру. Неге жапырақтар түсін өзгертеді, неге олар түседі тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Математика неіздері** Д/о «Біреу,көп» ойыны Тақтада бір және көп заттардың суретті көрсету.Балалардан қай заттың біреуден, қай заттың көптен екенін сұрау. Балалар айтады.	**Математика неіздері** «Бір-бірден, бірде-біреуі жоқ» д/ойыны Кірпілер тек алманы ғана емес, саңырауқұлақтарды да жақсы көретінін айтады. Суретте кірпілерді табуды ұсынады. Кірпілердің арқасында неше саңырауқұлақ барын ата? Себетте неше саңырауқұлақ барын ата?	**Математика неіздері** Топ бөлмесіндегі саны көп заттарды және бір-бірден тұрған заттарды табуды тапсыру	**Математика неіздері** Д/ойын: «Тап та ата» қай тәулік бөлігінің бейнеленгенін атауды сұрау.	**Математика неіздері** «Бұл қай кезде болады?» д/ойыны таңертең (таң) тәулік бөлігін тану және атау, осы ұғымды сөйлеу барысында қолдану; жұмбақты шешуді үйрету
	Бүгінгі күнімізді серуеннен бастап. Бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келуді жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу)** Балалармен бірге	**Қазақ тілі** «Жақсылық пен жамандық» мультфилімін тамашалау. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/
		Балаларға түрлі жемістер мен көкөністер	«Күз туралы ертегі»айтып. Балалардан күз туралы	Күздегі құстар мен жануарлардың тіршілігімен таныстыру.	**Музыка** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/

	жанырақтарды бояу**(сурет салу)** Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру. **(жапсыру)**	араластырылып салынған себетті көрсету себеттегі жемістермен көкөністерді бөліп екі ыдысқа салу және оларды сипаттауды дамыту. «Дәмін татып біл» ойынын ойнату **(сөйлеуді дамыту)** Балаларға таңдау еркіндігін беру. Қалаған орталықтарына барып. Қалаған жеміс ,көкөніс суретін салуға және мүсіндеуге үйрету **(сурет салу,. (мүсіндеу)**	ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** **«Күз» тақпағын жаттату** (Қабдікәрім Ыдырысов) Күзім-ау, күзім-ау Мінезің бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау. **(көркем әдебиет)** Күзгі жаңбыр суретін салуға ынтасын дайындау. Күзгі жемістерді салатын табақты мүсіндеуді үйрету**(сурет салу, мүсіндеу)**	Бақша ауласына құстарды бақылау, олар жайлы. өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Құстардың суретін пішіндерден құрап жапсыру **(жапсыру)** Құрастыру материалдарынан өкстарға үйшік жасау. **(құрастыру)**	Күзде жануарлар не істейді, адамдар не істейді сұрау. Тіршіліктеріндегі айырмашылықтарды айта білуін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Бақша күтушісінің пайдаланатын құралдарын таныстыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету **(мүсіндеу)**
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**№16 картотека**	**№17 картотека**	**№18 картотека**	**№19 картотека**	**№ 20 картотека**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Ереже айту. **(сөйлеуді дамыту)**				

Ұйқыға дайындық Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (**мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдеметін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдауды дамыту**(сөйлеуді дамыту)** Жапырақтарды салыстыру сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру **(Математика негіздері)**	Геометриялық пішіндерді тану және атау дағдыларын пысықтау. Жемістер мен көкөністердің суретіне геометриялық пішіндерді беттестіріп қойып, қай пішінге ұқсайтынын анықтауды жетілдіру. **(Математика негіздері)** Құрастыру материалдарынан жемістер мен көкөністерді салатын қораптарды жасау. **(Құрастыру)**	Күз бейнесін күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасап көрсетуді қалыптастыру. **(жаспыру)** Геометриялық пішіндерді тану және атау жапырақтарға қою арқылы анықтауын дамыту. **(Математика негіздері)**	Қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы мультфильм қарау. Неге олар ұшып кетеді деген сұраққа балалардың пікірін тыңдау. **(сөйлеуді дамыту)** Геометриялық пішіндерді тану және атау, жапсырған құстарын қандай пішіндерден құрады айтып беруді менгерту **(математика негіздері)**	Ағаштарды қандай геометриялық пішіндерден жасауға болады ойларын айтуды үйрету. **(математика негіздері)** Еркін ойын. Балалардың қалауы бойынша апта бойы жасаған жұмыстарын қайталау. **(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**

аламен жеке жұмыс	«Бір сөзбен ата» Мақсаты: заттарды бір сөзбен айтуды үйрету, сөздік қорларын байыту	Суреттің шетіне шықпай бояту. мақсаты: қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	Топ балаларыа «р» дыбысы қатысты бар сөздерді үйрету.	«Мен суретші боламын» қылқаламды дұрыс қолдануға жаттықтыру	ермексазды жұлып бірнеше бөлікке бөлуге үйрету-түстерді ажырату, есте сақтауға үйрету
Кешкі ас	Тамақ үстінде жан жағына қарамай дұрыс және сөйлемей отыруғызуға үйрету. Ас ішіп болғаннан кейін «Рахмет» сөзін айта білуге тәрбиелеу.				
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Өз бетімен ойындар: «Көкөністер дүкені». Көкөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу. Берілген ойын тақырыбында шығармашылық, белсенділік көрсеткендерді мадақтау; ойынға деген қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көкөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту.	Өз бетімен ойындар. «Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу». Әр балаға өз еңбегіне қанағаттанарлық жұмыс жасауына көмектесу. Сөздік қорын дамыту.	Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт». Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету.	Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру». Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету Өз бетімен ойындар: гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ т.б.). Балалардың қосалқы ойындарға деген қызығушылықтарын дамытып, достық қарым - қатынаста ойнауға қадағалау .	Өз бетімен ойындар: доппен ойын . Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Олардың ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу .
еруеннен оралу	Аяқ киімді оң-терісін айыру,реттеп қою Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Танымдық дағдылар №2/11 Д/О: «Жоғарыда-төменде»** **Мақсаты:** Жоғары –төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту. **Шарты:** Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді.	**Танымдық дағдылар №2/17 Дидактикалық ойын : «Төлдерін тауып бер»** **Мақсаты:** Үй жануарлары жайлы білімдерін тиянақтау, төлдерін ажыратуға үйрету. **Шарты:** Суреттің оң жағында жануарлардың суреттері, ал сол жақта олардың төлдері. Тақтаға шыққан бала қай үй жануарын таңдап алса соның төлін енесіне қосады.	Ойын бұрышында ерікті ойындар.	Кітап сөресіндегі кітаптардын суреттерін қарау,әңгіме құрастыруларын қадағалау.	Табиғат бұрындағы гүлдердің шаңын сүрту және су құю,түбін қопсыту/балалармен бірлесе жасалған жұмыс/
Балалардың үйге қайтуы	«Дәмін татып біл» ойынын ойнауға кеңес беру. Күз туралы сурет салу, кітап қарауды ұсыну. Құстарға үйшік жасауды ұсыну Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау.				

Тексерілді:

Әдіскер: Сабитова З.А 26.09.22г

Тәрбиешілер: Зейделова Б.М.
Бердикожанова Ж.Ш.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2022жыл 1 апта

Білім беру ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Балалардың жас ерекшелігі: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: **03.10.- 07.10.2022ж**

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 03.10.2022ж**	**Сейсенбі 04.10.2022ж**	**Сәрсенбі 05.10.2022ж**	**Бейсенбі 06.10.2022ж**	**Жұма 07.10.2022ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу	Достар әнімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Музыка тыңдау шаттану. Дид ойын: «Бұл не?»	Фотосуреттер қарастыру «Менің досым».	Дидактикалық ойын: Дәл сондай пішінді тап.	Саусақ ойыны «Сәбіз».	Үстел үсті ойыны – пазл: «досымның суреті»
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктерді дайындау				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Математика негіздері** Тапсырма 1. Суретте бір-бірден тұрған ойыншықтарды ата. Тапсырма 2. Үлкен шәйнектен үлкен кесеге қарай, кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге қарай жол сал.	**Математика негіздері** Тапсырма 1.Нүкте бойынша үлкен шеңберді қызыл, ал кіші шеңберді көк түсті қарындашпен бастырып сызуды тапсыру	**Математика негіздері** Д.о «Тәулік бөліктері» Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.	**Математика негіздері** Тапсырма 2.Үлкен алмадан кішкентай алмаға, үлкен қарбыздан кішкентай қарбызға қарай саусағыңмен жүргіз.	**Математика негіздері** Д.о «Бұл қай кез болады?» Тәулік мезгілі туралы түсінік дағдыларын қалыптастыру. Таң, түс, кеш, түн туралы түсініктерін үйретуді жалғастыру.
		Қазақ тілі Күзгі бақта өсетін жемістер жидектер көкөністер туралы не білетіндерін сұрау, әңгімелеу, білетін әндер мен тақпақтарын айтқызу (сөйлеуді дамыту,	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/
		Отбасы суретін көрсету. Суретте не бейнеленген? -Суреттегі отбасы мүшелерін атуын? - Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас -суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту,байланысты рып сөйлеуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** «Отбасы» рөлдік			**Музыка** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/
	Менің отбасым тақырыбында суретпен жұмыс **(Сөйлеуді дамыту)** **Дидактикалық ойын**«Анамыздың себетін толтырайық» Мақсаты: Заттардың көлеміне байланысты		Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша әжемнің	Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** «Анасының көмекшілері» айдарыме	Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау. «Анаға сыйлық» жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді үйрету**(сөйлеуді дамыту)**

	(үлкен – кіші, көп – аз) салыстырады. **(Математика негіздері)** «Аңсардың жанұясы» (суретке қарап әңгімелеу) Мақсаты: Дұрыс сөздерді айтады. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының қарапайым тәсілдерін қолданады.**(Қоршаған ортамен таныстыру)**	ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. **(көркем әдебиет)**	кәмпиттері тақырыбында домалақ кәмпиттер суретін салғызу, ермек саздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мусінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. **(құрастыру)**	н аспаздық әрекеттерді тұзды қамырды домалақтап, алақан арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету. **(мүсіндеу)** Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды менгерту. **(құрастыру)**	Өз қолдарымен сыйлық жасату. Балалардың таңдауы бойынша табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін жасауды үйрету Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салуды үйрету. **(сурет салу)** Ермексаздан торт жасауды менгерту **(мүсіндеу).** Қағаздан жасалған гүл себетіне үсақ гүлдерді жапсыруды үйрету. **(жапсыру)**
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Картотека № 21	Картотека №22	Картотека №23	Картотека №24	Картотека 25
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				

Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дид ойын**: «Әжеме арналған орамал» **Мақсаты:** Ою - өрнектерді жазықтыққа орналастырып салады, құастырады, жабыстырады **(Сурет салу,жапсыру,құрастыру)**	Аналарымызға арналған моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату. **(Мүсіндеу)** Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші. Дидактикалық ойын «артық пішінді тап» **(математика негіздері)** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер	Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)** ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. **(Математика негіздері)** Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер	Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру,қаранда ш ты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер	Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. **(көркем әдебиет, музыка)** Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру Еркін іс әрекеттер

Балалармен жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:** балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	**Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:**сөздерді дұрыс айтуды үйрету	**Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:** Өлең, тақпақтар жаттату	**Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:** Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру	**Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Картотека №21 Қимылды ойын «Көпіршік». Мақсаты: шеңберге жиналу қабілетін жаттықтыру Еркін ойын әрекеті: сыртқы материалмен ойындар . Мақсаты: қызығушылық ойындарын таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым - қатынасты қалыптастыру .	Картотека №22 Қимылды ойындар: «Қоян мен қасқыр». Мәтіннің сөздігімен сәйкесінше әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау. Алаңның бойымен қозғалу	Картотека №23 Өз бетімен ойындар: ашық ойындары- қозғалыс бағытын өзгерте отырып, сигнал бойынша жылдам қозғалуға үйрету. "Допты ұстаңыз" - допты лақтыру және ұстау дағдыларын екі қолмен бекітуді жалғастырыңыз.	Картотека №24 Қимылды ойын: «Соқыр теке» ойыны (орыс халқының ұлттық ойыны). Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау. Еңбек: ауладағы жұмыс. Жапырақтарды тырнауышпен жинау. Өз бетімен ойындар: түскен жапырақтардан оюлар, заттар құрастыру, шығармашылықтарын, фантазияларын дамыту.	Картотека №25 Қимылды ойыны: «Сұр қоян жуынды». Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. (Жеке балаларға)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Жобаны таныстыру: «Менің балабақшам» тақырыбына қолдан жасалған бұйымдардан, суреттерден көрме ұйымдастыру.

Тексерілді:
Әдіскер: Сабитова З.А 03.10.22г.
Тәрбиешілер: Зейделова Б.М.
Бердикожанова Ж.Ш.

Тәрбиелеу мен білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2022ж II апта

Білім беру ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 10.10-14.10. 2022ж

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 10.10.22ж**	**Сейсенбі 11.10.22ж**	**Сәрсенбі 12.10.2ж**	**Бейсенбі 13.10.23ж**	**Жұма 14.010.23ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу
Балалардың дербес әрекеті/баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындар,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау	**Дидактикалық ойын:** «Абайла, қауіпті!» балалардың қауіпті жерлер туралы білімдерін кеңейту.**Әлеуметтік дағдылар**	**Дидактикалық ойын** «Достарыма қол ұшымды беремін» **Әлеуметтік дағдылар**	**Дидактикалық ойын:** «Суретті тіз» сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету.**Коммуникативтік дағдылар**	**Дидактикалық ойын** «Мен көмекшімін» көктемгі еңбектерді үйрету.**Әлеуметтік дағдылар**	**Сөздік ойын** «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер». **Әлеуметтік дағдылар**
Таңертеңгі жаттығу	**Жаттығулар кешені пән жетекшісінің жоспары бойынша**				
Таңғы асқа дайындық Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				

	Ойын- жаттығу: Асың, асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа, Дастарханың мол болсын, Көңіл күйің жай болсын. Астарың дәмді болсын!				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Құрылыс материалдарынан құрастыру бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салу, жолақта және бұрыштарға қазақ ою-өрнектерінің қос элементін салу. қамырдан мүсіндеуге қызығушылық таныту, үйрету Сюжеттік жапсыру. Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету.**Шығармашылық дағдылар**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Математика неіздері** «Жауабын тап» ойыны Балаларға дөңгелек заттарды тануға, жұмбақтар шешуді үйрену.	**Математика неіздері** Д.о «Геометриялық пішін-шеңбермен » ойын М:шеңбердің түрлі көлемде үлкен-кішкентай болатынын түсіндіру	**Математика неіздері** «Үлкен-кіші» ойыны М:Суреттен ұқсас заттарды ажырата білуге үйрету.	**Математика неіздері** Д.о «Бұл қай кезде болады?» ойыны М:таңертең-күндіз,кеш тәулік бөліктерін атау және ажырата білулерін қалыптастыру;	**Математика неіздері** Дидактикалық ойын: «Өз үйінді тап» Ойынның мақсаты: пішіндерді ажыратуға; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу.
		Қазақ тілі «Жайылымда нелер жайылып жүр?». Үй жануарлары мен үй құстары. Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа білуді, балаларға арналған қазақ тіліндегі тақпақтарды («Көшеде») мұқият тыңдауды, тақпақтар	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/

	мазмұндауға,сахналауға үйрету **Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет** Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру **Математика негіздері**	мәдениетімен таныстыру;қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру **Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет** Домбыраның суретін бояу,пазл құрастыру.**Сурет салу,құрастыру**	эстетикалық талғамға тәрбиелеу;балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру**Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту**	Шығармаларды атауға, мазмұндауға,сахналауға үйрету,**Көркем әдебиет** Қағаздан өрмекші жасау.**Құрастыру**	қарап әңгіме құрау.шығарманы мазмұндау,**Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру** Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру **Математика негіздері**
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека № 5	Картотека № 10	Картотека № 13.	Картотека № 16	Картотека № 15.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Ұйқыға дайындық Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				

		мен мазақтамалардың мазмұнын түсінуді, педагогтің үлгісі бойынша жатқа айтуды үйрету, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуды, оларды сұрақтарға жауап беруде қолдануды үйрету; төл сөздерді еркелетіп айтылған атауларына сүйене отырып анықтауды үйрету. Тақпақтар, мазақтамалар мен диалогтар мазмұнында жиі қайталанатын сөздердегі дыбыстарды есту арқылы қабылдауды дамыту; монологтық сөйлеуді, қиялын, жағымды көңіл күйлерін білдіре алу қабілеттерін дамыту. Құрдастарымен тату ойнауға, шығармашылыққа баулу			
	Арыстан мен тышқан ертегісімен таныстыру,видеосын қосу Балаларды әңгіме айтуға үйрету, бірнеше шығармаларды атауға,	Домбыра ертегісімен таныстыру,видеосын қосу қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен,салт -дәстүрлерімен,	Түлкі мен тырна ертегісімен танытыру,сұрақтар қою. қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен	Өрмекші қарлығаш құмырсқа ертегісін таңдату,таныстыру,\сұрақтар қою.**Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту**	Музыка /пән жетекшісінің жоспары бойынша/ Бір үзім нан ертегісімен таныстыру,суретке

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі)Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**)Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (**мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдеметін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Арыстан мен тышқанның суретін бояу,құрасытру,жабыстыру және ермексаздан мүсіндеу **Шығармашылық дағдылар**	Ермеказдан домбыра жасау.**Мүсіндеу** Домбыраның бейнесін жабыстыру.**Жапсыру** Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру **Математика негіздері**	Түлкінің бейнесін жасау,ермексаздан Суретін бояу,тырнаның бейнесін жабыстыру. **Сурет салу,жапсыру,мүсіндеу** таныс бірнеше шығармаларды атауға, мазмұндауға,сахналауға үйрету **Көркем әдебиет**	Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру **Математика негіздері** Қарлығаштың суретін жабыстыру,**Жапсыру** Суретін бояу Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. **Сурет салу**	құрылыс материалдарынан құрастыру бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салу, жолақта және бұрыштарға қазақ ою-өрнектерінің қос элементін салу.қамырдан мүсіндеуге қызығушылық таныту, үйрету Сюжеттік жапсыру.Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету.**Құрастыру,мүсіндеу,сурет салу,жапсыру**

Баламен жеке жұмыс	Үлкен сақиналарды тұғырға кигіз» Мақсаты: ойыншық тармен қарапайым әрекет ете білуге үйрету	Кішкентай сақиналарды тұғырға кигіз» Мақсаты: ойыншықтармен қарапайым әрекет ете білуге үйрету	Мүсіндеп үйренеміз» Мақсаты: мүсіндеу тәсілдерін үйрету	Әуе шарлары» Мақсаты: түстерді танып ажыратуға баулу	:Күшік «аф-аф»Мақсаты: «Сурет тап», «Ой,жоқ» сөйлемдері арқылы ойынға қызығушылықтарын арттыру.
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	Картотека № 5	Картотека № 10	Картотека № 13.	Картотека № 16	Картотека № 15.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	-Балалар ойын бұрышында еркін ойнау -Кітап қарау -Боямақ бояу -Үстел-үсті ойындары/сенсорикалық ойындар/ -Ермексазбен жұмыс				
Балалардың үйге қайтуы	- **Ата-аналарға кеңес:** Күн тәртібін сақтау - **Ата-аналарға кеңес:** "тұмауды " алдын алу шаралары - Баланың тәртібі жайлы әңгіме - Әдептілік сөздерді үйренуін ескерту. **Жылы сөздер** "Сіз", "Біз"деген жылы сөз				

	Жылытады жүректі. "Сіз", "Біз"деген жылы сөз Жақсылықтың мейірі. Бір-біріне болып кез, Кең болсын адам пейілі! (Ә.Тұрманжанов - Бүгінгі күннің жетістігі туралы әңгімелесу.

Тексерілді:
Әдіскер: Сабитова З.А 10.10.22ж

Тәрбиешілер: Зейделова Б.М.
Бердикожанова Ж.Ш.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2022жыл III апта

Білім беру ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 17.10-21.10. 2022ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 17.10.2022ж	Сейсенбі 18.10.2022ж	Сәрсенбі 19.10.2022ж	Бейсенбі 20.10.2022ж	Жұма 21.10.2022ж
Балаларды қабылдау	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік жайлы әңгімелесу **«Бағдаршам» мобильді ойыны** (Балалар бағдаршамның айналасында тұрады. «Барамыз, барамыз, барамыз» әнінің аудио жазбасы естіледі. Бағдаршам қызыл (жасыл немесе сары) жалаушаны көтереді. Жасыл сигнал түссе балалар шеңбер бойымен жүреді, қызыл	Бензинді сүт сияқты ішеді. Алысқа жүгіре алады. Тауарлар мен адамдарды тасымалдайды. Сіз оны білесіз, әрине. (Көлік) Көшелермен шағын үйлер өтеді. Ересектер мен балаларды қала бойына апарады. (Автобус) Сөйлеуді дамыту	**Еркін ойын:** «Күз мезгілі» Суреттер құрастыру	**Еркін ойын:** "Кімнің заттары? " (достарының заттарын анықтау) Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б	**Еркін ойын:** Ойын-жаттығу Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру

	түсте тоқтайды, сары түсте қол соғады)Дене шынықтыру				
Таңертенгі жаттығу	Пән жетекшісінің жоспары бойынша				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Асың, асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа, Дастарханың мол болсын, Көңіл күйің жай болсын. Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Математика неіздері** Тапсырма 1. Суретте бір-бірден тұрған ойыншықтарды ата. Тапсырма 2. Үлкен шәйнектен үлкен кесеге қарай, кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге қарай жол сал.	**Математика неіздері** Тапсырма 1.Нүкте бойынша үлкен шеңберді қызыл, ал кіші шеңберді көк түсті қарындашпен бастырып сызуды тапсыру. Тапсырма 2.Үлкен алмадан кішкентай алмаға, үлкен қарбыздан кішкентай қарбызға қарай саусағыңмен жүргіз.	**Математика неіздері** Д.о «Тәулік бөліктері» Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.	**Математика неіздері** Д.о «Бұл қай кезде болады?» Тәулік мезгілі туралы түсінік дағдыларын қалыптастыру. Таң, түс, кеш, түн туралы түсініктерін үйретуді жалғастыру.	**Математика неіздері** Тапсырма 1. Суретте тәуліктің қай бөлігі бейнеленгенін айт. Тапсырма 2.Бір-бірден тұрған жануарларды ата.оларды қоршап сыз.

		Қазақ тілі «Ақ қайың». Ағаштың құрылымы. Мақсат-міндеттер. Қазақ тіліндегі сөйлеуді қабылдауды, қайың туралы сұрақтарға жауап беруді үйрету; сөздердің аяқталуын еркелетуді білдіретін сөз тіркестерін үйлестіре отырып, қазақ тіліндегі өлең жолдарын анық айтуды, қимылдарды жолдардағы ырғақпен және әуен ырғағымен үйлестіруді үйрету.	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/ **Музыка** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/
	Балалардан үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы не білетіндерін сұрау,қауіпсіздік ережелерімен таныстыру **Қоршаған ортамен танысу** «Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және өлеңді түсінеді. **Сөйлеуді дамыту** «Бағдаршам» ойыны **Мақсаты:** Сызықтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі **Сурет салу**	Машина» өлеңі Ә.Табылдиевтың Мақсаты: Қысқа өлеңді саналы эмоционалды түрде жатқа айтады. **Көркем әдебиет** «Бағдаршам» ойыны Мақсаты: Заттарды бір қатарға, реті бойынша бір бағытта солдан, оңға қарай орналастырады. Математика негіздері **«Бағдаршам»** Мақсаты: Желімді қылқаламға жағып пішіндерді жабыстырады **Жапсыру**	Ойын: «Айсұлу адасып кетті» (тілдің дыбысталу мәдениеті) Мақсаты: Тілдік қарым - қатынас мәдениетін дұрыс қолданады. **Сөйлеуді дамыту** «Қала жолдары» ойыны Мақсаты: Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды жүргізеді. **Сурет салу** «Ауладағы қауіпсіздік» Мақсаты: Табиғатта өзін ұстай білу ережелерімен таныстыру **Қоршаған ортамен таныстыру**	Әр көліктерді түстеріне қарай жинақтап орналастыру **Математика негіздері** Жол белгілерімен, жол қиылысындағы жолдар туралы әңгімелесу **Қоршаған ортамен танысу** Бағдаршам көздерін ретімен орналастыру ойыны, **Сөйлеуді дамыту** Ұзын және қысқа жолдарды ажырату **Матемтика негіздері** Иә немесе жоқ ойыны (Балалар жауап береді) А) Балалар көлік жүретін жолда доп ойнай ала ма? Ә) Қызыл шам жолдан өтуге мүмкіндік бере ме?	Сұрақтар ілмегі Жүргіншілер қай жолмен жүру керек? - Жиек жолмен жүреміз. - Жиек жол болмағанда ше? - Жер асты жолымен. - Жолдың қай жағымен жүру керек? Оң қол жақпен жүреміз. - Қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз?

	Әр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіріп бағдаршам құрастырады. **Құрастыру**			С) Жолды зебрамен кесіп өте аламыз ба? D) Жолдан қара мысық жүгіріп өтсе, оның артынан тас лақтыра аласың ба? д) Жолды кесіп өткенде жан-жағына қарау керек пе? Е) Біз көліктермен велосипедпен жүреміз бе? **Көркем әдебиет**	- Аялдамада отырамыз. **Қоршаған ортамен таныстыру** Ойын: «Белгілер жинап, ата» (пазлдар, балалар жол белгілерінің қиылған кескіндерін бүктеп, атайды **Құрастыру**
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Картотека № 16	Картотека №15	Картотека №14	Картотека №13	Картотека №12
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (**мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Жол белгілері» ойыны** **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді таниды және атайды. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. **Математика негіздері** Қауіпсіздік ережелері туралы видеоролик көрсету	«Көлік байланыс құралдары» Мақсаты: Көлік құралдарын атайды. Бақшаға қандай көшемен келетінін айтады.**Қоршаған ортамен таныстыру**	Жеңіл көліктердің бейнесін құрастыру, жапсыру, және ермексаздан жолдар жасау **Құрастыру,жапсыру,мүсіндеу.**	**«Жолдағы жағдайлар» ойыны** (балалар мен ата-аналар слайдтағы жағдаяттарды қарастырып, жол ережесін бұзу бар ма, жоқ па деп жауап береді).**Сөйлеуді дамыту**	**Ойын: «Фигуралық көлік жүргізу»** (Балалар скутерде кегльді құлатпай айналып өтуі керек) **Дене шынықтыру** «МҮМКІН – МҮМКІН ЕМЕС» ОЙЫНЫ Қол соғуға болады, қол соғуға болмайды. - жол бойында ойнау (аялдама) - қызыл бағдаршамда жолды кесіп өту (кету) - жасыл шамда жолды кесіп өту (шапалақтау) - жолда доп ойнау (тоқырау) - көліктер өтетін жерде велосипедпен жүру (тоқырау) - автобуста отырып сөйлесу және қатты күлу (стоп) - жол ережесін сақтау (қол шапалақтау)

Баламен жеке жұмыс	Жол белілерін жаттату	Көлік атауларын дұрыс және нақты айтқызу	Қауіпсіздік ержелеріне үйрету	Бағдаршамнын нақты қызметін үйрету	Әр сөзді дұрыс айтуға үйрету
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Қимылды ойын: «Бақшашылар». Бақшаны топтасып жинауға балаларды ұйымдастыру. Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру. Еңбек: бақшадағы жұмыс, көкөністерді жинау. Бақшадағы көкөністерді жинап, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау.	Қимылды ойын: «Аюдың апанында» (орыс халқының ұлттық ойыны). Балаларға сөздерін анық айтқызу, ойын ережесін сақтауға үйрету. «Аюды» санамақ арқылы таңдауға үйрету.	Қимылды ойын: «Көбелекті ұстап алу». Бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге үйрену. Достарымен жақсы қарым-қатынаста болуға, тәрбиелеу. Еңбек: клумбаларды қурап қалған гүлдерден тазалау, өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу, өсімдіктерге деген сүйіпеншіліктерін арттыру. Өз бетімен ойындар: жақсы көретін ойыншықтармен ойнау, ойынды жолдастарымен бірігіп ойнауға үйрету.	Қимылды ойын:«Көгершін» ойын. (шешен-ингуш халықтарының ұлттық ойыны) Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау	Қимылды ойын: «Аталған ағашқа жүгіріп бар». Бейнеленген сын - сипатты белгілер бойынша ағаштың атауларын білу. Сигнал бойынша жұмыс істеп, алаңда бір -біріне соқтықпай орын ауыстыруға үйрету
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме

Тексерілді:

Әдіскер: Сабитова З.А 17.10.22г

Тәрбиешілер: Зейделова Б.М.
Бердикожанова Ж.Ш.

Тәрбиелеу мен білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2022ж IY апта

Білім беру ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3жАС
Жоспардың құрылу кезеңі: 24.10-28.10. 2022ж

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 24.10.22ж**	**Сейсенбі 25.10.22ж**	**Сәрсенбі 26.10.2ж**	**Бейсенбі 27.10.23ж**	**Жұма 28.010.23ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күннің суытуына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті/баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындар,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй құстарын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	**Жаттығулар кешені пән жетекшісінің жоспары бойынша**				
Таңғы асқа дайындық Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту/				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдеметін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Көктемгі гүл қызғалдақты құрастырып жабыстыру, мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндеу қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады. **Жапсыру,құрастыру,мүсіндеу**	 раушан гүлінің трафаретіне түсіне сай ермексазды ыңғайлап жабыстыру. **Мүсіндеу,жапсыру** пазл жасау. **Құрастыру** Дидактикалық	 түймедақ гүлінің трафаретіне түрлі түсі қағаз көмегімен әсемдеу,кездескен пішіндерді атау.	Ақ пва клеймен немесе сары горохпен,кисточканы ұрғылау әдісімен бақбақ гүлінің суретін салу.**Дәстүрден тыс сурет салу** 	 бөлме өсімдігі фикус гүлін жабыстыру. **Жапсыру** фикус гүлінің суретін бояу.**Сурет салу** Ермексаздан бөлме гүлін жасау.**Мүсіндеу**

	Шанышқы және акварель көмегімен қызғалдақтың суретін салу. **Дәстүрден тыс сурет салу**	және дамытушы ойындарды,жаттығулар ды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; **Сөйлеуді дамыту**	қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады.,**жапсыру**		
Балалармен жеке жұмыс	Көктем мезгілі жайлы сұрау /Кәусар,Айя,Е.Амина/	Жаңылтпаш айтқызу /Бекназар,Байбек, Аруна/	Тәулік бөліктерін сұрау /Айкөркем,Көркем,Ертұ ғырыл,Ертәуке/	Бөлме гүлдерін күтуге үйрету /С.Медина,Медина,Ару на,Айя/	Суретке қарап сөйлем құрату /Айсұлтан,Әмір,Ази за,Гүлзинат/
Кешкі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Серуенге дайындық	Балаларға киімдерін реттілігімен киюлерін қадағалау.				
Серуен	Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.	Қимылды ойын «Өз гүлінді тап». Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.	Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.	Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: — Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; — Қозғалыс координацияларын сақтау;	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.

Серуеннен оралу	Балаларды топқа кірер кезде асықпай,бір-бірлерін итермей кірулерін ,киімдерін дұрыстап жинап қоюларын қадағалау.				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Ойын бұрышындағы ойыншықтармен ерікті ойындар.Балалардың бір-бірлерімен ойыншықтарын бөлісіп ойнауларын қадағалау.	Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құйып,түбін қопсытуға ,табиғатты аялауға үйрету.	Ойын бұрышында ерікті ойындар	Кітап бұрышында кітап суреттерін қарау,ертегі оқып беру.	Дамытушылық үстел үсті ойындары
Балалардың үйге қайтуы	Балалармен жақсы көретін тағамдары туралы әңгімелесу. Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру.				

Тексерілді:

Әдіскер: Сабитова З.А 03.04.23ж.

Тәрбиешілер: Зейделова Б.М.
Бердикожанова Ж.Ш.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сәуір айы 2023 жыл II-апта

Білім беру ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 10.04 -14.04. 2023ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 10.04.2023ж	Сейсенбі 11.04.2023ж	Сәрсенбі 12.04.2023ж	Бейсенбі 13.04.2023ж	Жұма 14.04.2023ж
Балаларды қабылдау	Түрлі –түсті шармен қарсы алу	Көңілді доп арқылы қарсы алу	Смайлик арқылы қарсы алу	Көңілді әуенмен қарсы алу	Жүрекшемен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың киім киіп үйренуі туралы әңгіме	Үстел үстінде қалай отыратыны,қалай тамақтанатыны жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме	Баланың эмоционалды көңіл-күйі жайлы әңгіме	Баланың демалыс күні немен айналысатыны жайлы әңгіме
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамытуға арналған дидактикалық ойын картотекасы №2/11	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамытуға арналған дидактикалық ойындар картотекасы №1/10	Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған дидактикалық ойындар картотекасы №1/12	Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған дидактикалық ойындар картотекасы №1/15	Танымдық дағдыларды дамытуға арналған дидактикалық ойындар картотекасы №1/12
Таңертенгі жаттығу	Пән жетекшісінің жоспары бойынша				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; Сурет бойынша әңгімелей алу дағдысын қалыптастыру.**Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Математика негіздері** Д.о «Жоғарыда-төменде» №1-37	**Математика негіздері** Д.о «Тәулік бөліктер і» №1-41	**Математика негіздері** Д.о «Доппен ойнау» №1-45	**Математика негіздері** «Артында-алдында» ойыны ж.д.	**Математика негіздері** «Жіпті аяқтап сал» ойыны ж.д.
		Қазақ тілі «Жайылымда нелер жайылып жүр?». Үй жануарлары мен үй құстары. Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа білуді, балаларға арналған қазақ тіліндегі тақпақтарды («Көшеде») мұқият тыңдауды, тақпақтар мен мазақтамалардың мазмұнын түсінуді, педагогтің үлгісі бойынша жатқа айтуды үйрету, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуды, оларды сұрақтарға жауап беруде қолдануды үйрету; төл сөздерді еркелетіп	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/
					Музыка пән жетекшісінің жоспары бойынша/

		атауларына сүйене отырып анықтауды үйрету. Тақпақтар, мазақтамалар мен диалогтар мазмұнында жиі қайталанатын сөздердегі дыбыстарды есту арқылы қабылдауды дамыту; монологтық сөйлеуді, қиялын, жағымды көңіл күйлерін білдіре алу қабілеттерін дамыту. Құрдастарымен тату ойнауға, шығармашылыққа баулу			
	Балалар,аспанда нелер бар?Жұлдыздар , ай, күн.Күн не үшін керек?Күн жылу береді, жарық береді.Ай не үшін керек?Түнде жарық береді.Ғарышкер деп кімді айтамыз?Осы жұлдыздарды, ай мен күнді зерттеу үшін ғарышқа ғарышкерлерұшады. Әлемдегі тұңғыш ғарышкер Ю. Гагарин 1961 жылы 12 сәірде«	- Кәне, балалар, тіл ұстарту жаттығуларын жасап алайық: 1.– ер, - ер, - ер Біз боламыз ғарышкер. 2.- ға, - ға, - ға Біз ұштық Айға.**Көркем әдебиет** Ай аспан денесі болып табылады,ай түнде ғана	 Күн тірі жан иелерінің бәріне шуағын шашады Күннің қайда тұратынын, оның неге ұқсайтынын айтады. Алақандарын терезенің қасына апарады. Бірақ ол	-Жер — біздің тұрып жатқан мекеніміз, ортақ үйіміз. Ал жоғарыда не бар? Балалардың жауабы: Аспан әлемі. — Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме? — Сендерге ұнай ма? Балалардың жауабы: Иә ұнайды. Маған да ұнайды. Олай болса балалар күн, жұлдыз, ай барлығы қайда	Бір, екі, үш Ғарышқа тез ұш. Слайд аспан әлемі. Көзімізді ашайық, мінекей балалар біз аспандамыз, енді ән шырқайық. Ән: «Мен ғарышкер боламын» Балалар қараңдаршы жұлдыздар қандай көп, әр түрлі планеталар бар, білесіңдер ме

	Восток » ғарыш кемесімен , Жер шарын 1 рет айналып шықты. Содан бері 12 – сәуір Ғарышкерлер күні мерекесі болып есептеліп келеді. **Қоршаған ортамен танысу** ***Тәрбиеші:****Балалар,ғарышқа ұшу үшін қандай көлік керек?* ***Балалар:****Зымыран* ***Тәрбиеші:*** *Дұрыс айтасыңдар, «зымыран» қажет.Зымыран ұшатын жерді «ғарыш айлағы» деп атайды. Ғарыш айлағы біздің Қазақстанда Байқоңыр қаласында орналасқан. Барлық зымырандар осы қалада орналасқан ғарыш айлағынан ұшады.*Балалар сендер қалай ойлайсыңдар, ғарышкер ғарышта жүргенде зымыран ішінен шығады ма?(балалардың жауабы) **Тәрбиеші**:-Иә шығады, өйткені олар	шығады.**Қоршаған ортамен танысу** Айдың түсі қандай? -Түнде аспан қандай түске енеді? Жарайсыңдар балалар,енді түнгі аспанның суретін салайық. **Сөйлеуді дамыту,сурет салу** заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету; Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалшықтан, қамырдан, ермексаздан айды жасау.**Мүсіндеу**	жаздағыдай жылытпайды.Әңгіме еге араласады. Түн мен күн жарқырап шығып тұрған күндізгі уақыттың суреттерін салыстырады. Күлімдеген күнге жылу мен жарық береді. Ол бізді жылы әрі жарық сәулесімен қуантады, көңіл күйімізді көтереді. Елестетіп көрейікші: егер күн болмаса біз не істер едік?Жер беті қараңғы, салқын болар еді. Тіршілік иесінің бәрі жоғалып кетер еді. Ендеше бізге жарық пен жылу сыйлайтын күннің	орналасқан? **Балалар**: Аспан әлемінде. Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты. Қалай ойлайсыңдар, жұлдыз деген не? Олар неге ұқсайды? Балалардың жауабы: Дұрыс балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай, ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан. Жарайсыңдар! **Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту** Кешірімді баламыз, Жұлдыздай болып жанамыз. Кішіпейіл боламыз, Құстай қанат қағамыз! Кешірімді баламыз, Жұлдыздай болып жанамыз.**Көркем әдебиет** Құммен жұлдыздың суретін салу.**Сурет салу**	аспаннан жерге қарағанда жеріміз доп сияқты дөңгелек, біз сол дөңгелек жерде тұрамыз.**Қоршаған ортамен танысу,музыка,сөйлеуді дамыту** түнгі аспан денелерін бейнелеу.**Жапсыру** Ал ғарышта біз қандай заттарды кездестіруіміз мүмкін? Спутниктер, кометалар, астероидтар мен метеориттер (суреттер көрсетіледі). Ал ғарышқа кімдер ұшады? Дұрыс, ғарышкерлер. Ең бірінші болып

	жұмыстарын жасайды, зерттейді, әр түрлі планетаны зерттеп ашық аспанда жүреді.Бірақ балалар аспанда ауа жоқ, өте ыстық, ал ғарышкерлерге скафандр деген киім көмектеседі, арнайы ауасы бар, ыстықтан қорғайтын киім.Мына суретте ғарыштағы адам,ол үстіне арнайы киім скафандр киген. Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ,сондықтан ол жақта тек осындай арнайы киіммен ғана жүруге болады. (суреті көрсетіледі) -Балалар ғарышкерлер ғарышта ұзақ жүреді, ал олар қалай тамақтанады, не жейді, от жағып пісіре ме?(Балалардың жауабы) **Тәрбиеші:** Ғарышкерлерге әдейі арналған зымыранмен тамақ әкелінеді, тамақ оларға жабық түрде, езілген түрде, тіс пастасының қорабы сияқты қорапта беріледі, шай, суда		болғаны қандай тамаша!**Қоршаған ортамен танысу** Күннің көзіне беторамалды жайып, тез кептіруге бола ма? Тексеріп көруге шақырады. «Күн шұғыласы» ойынын ұйымдастырады Айнаны пайдаланып, қабырғаға күн шұғыласын түсіреді. Балаларды шұғыланы ұстауға шақырады.**Зерттеу іс-әрекеті,сөйлеуді дамыту** **Тілді жаттықтыру.** У-у-у-у су Ел –ел- ел – жел Ау-ау-ау-ауа Үн-үн-үн-күн **Көркем әдебиет**	ғарышқа зерттеуге ұшқан ресейлік ғарышкер екен. Ол кім екен? (Ю. Гагарин) Ал әйел адамдардан В. Терешкова, кейін Қазақстаннан да ғарышкерлер ұшты. Олар: Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев.**Сөйлеуді дамыту** Тоқтар ұшты ғарышқа Талғат болды ғарышта Таңқалдырып қазағым Тағы ұшса ғой Марсқа.**Көркем әдебиет** тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн **Математика негіздері**

	солай әкелінеді, соны сығып жейді. **Сөйлеуді дамыту** Көкке ұшамын,ұшқыш болар баламын, Соңына ерем, ер ғарышкер ағаның. Батыр болам , көк аспанды сүйемін, Жұлдыздарға барып келіп жүремін.**Көркем әдебиет**				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека №21	Картотека №22	Картотека №23	Картотека 24	Картотека №25
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				

Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Ермексаздан зымыран жасау. **Мүсіндеу** геометриялық пішіндерден зымыранның бейнесін жабыстыру, пішіндерді ажырату. **Математика негіздері,жапсыру** Конструктордан зымыран құрастыру.**Құрастыру** Зымыранның суретін бояу.**Сурет салу**	Қағаздан айды құрастыру.**Құрастыру әрекеті** «Жұлдызды аспан әлемі» Ойын шарты: балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б. Шығармашылық жұмыс.Балалар майшам мен субояқты қолдану арқылы ғарыш әлемін салу. **Шығармашылық дағдылар**	Күннің сууретін құрап жабыстыру,қандай гелметриялық пішіндер кездескенін айту. **Математика негіздері,жапсыру,құрастыру** тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн **Математика негіздері** Дәстүрден тыс әдіс арқылы күннің суретін салу.**Сурет салу**	жұлдызға қиындыларды жабыстыру,ермексаздан жұлдыз жасау.**Жапсыру,мүсіндеу**	Балалар сендер ғарышкер болғыларың келеме? Білесіңдер ме ғарышкер болу үшін ең алдымен шыныгу керек дейді, енді бәріміз орнымыздан тұрып жаттығу жасап алайық. Әуен арқылы жаттығу жасату.**Дене шынықтыру** Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. **Шығармашылық дағдылар**
Балалармен жеке жұмыс	Геометриялық пішіндер жайлы сұрау	Аспан әлемі жайлы сұрау	Тақпақ үйрету	Салт-дәстүрлерді қайталау	Зымыран құрастыру

Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары				
Серуен	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.	Қимылды ойын«Итеріспек». Мақсаты:Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру	Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.	Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты:тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыр	Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру.
Балалардың үйге қайтуы	Бала тілінің дамуы жайлы әңгіме	Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгіме	Бала десаулығы мен тазалығы жайлы әңгіме	Баланың эмоционалды көңіл күйі жайлы әңгіме	Баланың қандай дағдыларды меңгере алмай жатқаны туралы әңгімелесу

Тексерілді:

Әдіскер: Сабитова З.А 10.04.23 г.

Тәрбиешілер: Зейделова Б.М.

Бердикожанова Ж.Ш.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сәуір айы 2023 жыл III-апта

Білім беру ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 17.04 -21.04. 2023ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.04.2023ж	Сейсенбі 18.04.2023ж	Сәрсенбі 19.04.2023ж	Бейсенбі 20.04.2023ж	Жұма 21.04.2023ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу	Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу	Қызыл жүрекшемен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Музыка тыңдау шаттану **Шығармашылық дағдылар**	Фотосуреттер қарастыру «көктем». **Әлеуметтік дағдылар**	Құрлымдалған ойын: Дәл сондай пішінді тап. **Танымдық дағдылар**	«Бөліктерді құрастыр» Зейіндікке баулу.**Құрастыру**	Үстел үсті ойыны – пазл:
Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)** Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Уақытты бағдарлау. тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.**Математика негіздері**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Математика негіздері** Д.о "Жоғарыда-төменде» №1-37 Ғаламшарды айналдырсақ бірақ түсті ғана болып көрінеді. Себебі, жер бетінде су өте көп. Сондықтан, картада, ғаламшарда суды көк түспен белгілейді. Көк түс судың түсі. Мұхиттардың, теңіздердің, өзен–көлдердің түсі көк. Теңіздің суы тұзды, оны ішуге болмайды. — Дұрыс, бірақ теңіздің суы тұзды болғанымен денсаулыққа өте пайдалы. Одан дәрі жасайды, ал біз тамағымызды ауырмас үшін тұзды сумен шаямыз ғой, солай емес пе?**Қоршаған ортамен танысу** Су – тіршілік білсендер, Судан ырыс күткен жер,Суды лайлап	**Математика негіздері** Д.о "Жоғарыда-төменде, биік-аласа» №1-49 **Қазақ тілі** «Ақ қайың». Ағаштың құрылымы. Мақсат-міндеттер. Қазақ тіліндегі сөйлеуді қабылдауды, қайың туралы сұрақтарға жауап беруді үйрету; сөздердің аяқталуын еркелетуді білдіретін сөз тіркестерін үйлестіре отырып, қазақ тіліндегі өлең жолдарын анық айтуды, қимылдарды жолдардағы ырғақпен және	**Математика негіздері** Д.о "Қалай жүріп, нені тапқың келеді» №1-43 **Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Математика негіздері** Илюстрация «Кеңістікте бағдарлану-жоғары-төмен» Балалар суретті қарайды.Қай жерде құс,ал қай жерде көбелек ұшып жүргенін анықтап атайды т.б. **Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Математика негіздері** Д.о «Бос орынға тиісті пішінді қой» **Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/ **Музыка** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/

	түкірме!Деп үйретер үлкендер **Көркем әдебиет**	әуен ырғағымен үйлестіруді үйрету.			
	Медуза – ол домалақ болып келеді, шар сияқты. Жалпақ келген, олар көбінесе улы, адам сақтану керек. Кей кезде адам денесіне тисе күйдіруі мүмкін.**Қоршаған ортамен танысу** Пазл құрастыру. **Құрастыру**	Интерактивты тақтадан су асты әлемінің суреті көретіледі. Неткен керемет, жан жағымызға зер салып қарайықшы, нені көріп тұрсыңдар? Балалар біз бүгін су асты әлемімен және оның тұрғындарымен танысатын боламыз. Су асты тұрғындары туралы слайд көрсете отырып, жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру. Теңіз жұлдызы - жыртқыш, бір орында тұратын сияқты, бірақ ол теңіз түбінде әрқашан ақырын жылжып жүредіҚоршаған	Атбасты балық - орташа балық. Оның басы атқа ұқсайды. Оның денесінде өсіп тұрған талшықтары жауларынан қорғайды Балықтар - негізінен судағы тіршілікке бейімделген жануар.Жүзу жағынан олар өзге жануарлардан асып түседі: Балықтар өкпе арқылы емес, желбезек арқылы тыныс, дем алады.Желбезек арқылы балықтарға суда араласқан оттегі түседі. Жануарлар мен жәндіктер жерде және суда тіршілік етіп көбейсе, ал балықтар тек қана суда ғана тіршілік	- Су астында көптеген балықтар, суасты тіршілік иелері жүзіп жүр екен.Және біздің бүгінгі танысатын суда тіршілік ететін тағы бір балықтың түрі - ол **кит.**Ол теңіздегі ең үлкен сүтқоректі. Ұзындығы -30 метр, салмағы - 150 тоннаға дейін жетеді. оның бойының ұзындығын түсіну үшін көз алдымызға бес қабатты үйді елестетуіміз керек. Мына суреттерден киттің қаншалықты үлкен екенін көруге болады. **Қоршаған ортамен танысу** қағаз	**Ойын ойнауды, музыка тыңдағанды жақсы көреді.** Әрі өз арларындаа, әрі адамдармен жақсы достық қарым-қатынас құра алады Дельфин жайлы видео **Қоршаған ортамен танысу** қиындыларға жапсыру,пішіндерді атау,ермексазды жабыстыру. **Математика негіздері,жапсыру, мүсіндеу** Халық жақсы біледі Денесі зор дельфинді.

		ортамен танысу теңіз жұлдызын ермексаздан жасау.**Мүсіндеу** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу **Сөйлеуді дамыту**	етіп көбейеді..**Қоршаған ортамен танысу** Табиғаттың бұйрығы Ол балықтың жүйрігі Құйрығы оның сияқты Қарлығаштың құйрығы. **Көркем әдебиет** қиындыларға түсіне сай ермексаз жабыстыру, қандай пішіндер барын ажырату **Мүсіндеу,жапсыру ,математика негіздері**	дан кит жасау. Киттің түсі қандай?ол немеен қоректенеді?Үлкендігі қандай?**Құрастыру,сөйлеуді дамыту** киттің суретін бояу.**Сурет салу**	Көк мұхитта жүрет Бұзып-жарып толқынды. **Көркем әдебиет** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу **Сөйлеуді дамыту**

Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека №1	Картотека №2	Картотека №3	Картотека №4	Картотека№5
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп коюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Ермексаздан медуза жасау,пішінін атау **.Математика негіздері, Мүсіндеу** Түрлі түсті қағаздан медуза жасау көк түсті бетке жабыстыру	Теңіз жұлдызын түрлі түсті қағаздан жасау,табиғи материалдан құрасытыру және суретін салу.**Шығармашылық дағдылар**	 Ат басты балықтың	 қиындыларға жапсыру,пішіндерді атау,ермексазды жабыстыру.	

	.Жапсыру Құмда медузаның суретін салу.**Сурет салу**		суретін бояу.**Сурет салу** Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. **Құрастыру**	**Математика негіздері,жапсыру,мүсіндеу** Кит деген бір керемет Көк мұхиттың көркемі, Жан-жануар, балықтың Бәрінен де үлкені! **Көркем әдебиет**	Дельфиннің суретін құрастырып,жабыстыру. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау**Жапсыру**
Балалармен жеке жұмыс	Су туралы әңгіме	Мақал-мәтел үйрету	Табиғи материалдармен жұмыс	Суретпен әңгіме	Достық қарым-қатынас жайлы әңгіме
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары.				
Серуен	Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту	Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты:_ - ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа,	Қимылды ойын: «Ақ серек-көк серек». Мақсаты: ойын шартын сақтап ойнауға, құрбыластарын	Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан». Мақсаты:белгі бойынша әрекет етуге баулу; — жылдамдық, байқампаздық	Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: — бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа

		шапшаңдыққа баулу. Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру. Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту.	тыңдай білуге, олармен санасуға баулу.	дағдыларын дамыту.	тәрбиелеу.
Балалардың үйге қайтуы	«Баланы суықтап қалудан сақтандыру» кеңес беру.	Мозайкамен көктемгі гүл құрастыру.	«Балаңызды бақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек» әңгіме.	Балалармен логикалық ойындар ойнау.	«Бала демалысын ұйымдастыру» Еркін ойындар

Тексерілді:

Әдіскер: Сабитова З.А 17.04.23ж.

Тәрбиешілер: Зейделова Б.М.
Бердикожанова Ж.Ш.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сәуір айы 2023 жыл IY-апта

Білім беру ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 24.04-28.04.2023ж

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 24.04.2023ж**	**Сейсенбі 25.04.2023ж**	**Сәрсенбі 26.04.2023ж**	**Бейсенбі 27.04.2023ж**	**Жұма 28.04.2023ж**
Балаларды қабылдау	Әсем әуенмен қарсы алу	Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу	Смайлик арқылы қарсы алу	Достық тілегімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау	Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме	Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме	Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Әдемі кілемшелер бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Танымдық дағдылар**	«Таныс пішіндер доминосы» гео метриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. **Танымдық дағдылар**	«Өз үйінді тап» түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету **Танымдық дағдылар**	«Зейінді бол» Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. **Танымдық дағдылар**	«Мынау қай пішін?» Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. **Танымдық дағдылар**
Таңертенгі жаттығу	Пән жетекшісінің жоспары бойынша				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	қағаздан құрастыру. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету. салынған пішіндерін бояуды (штрихтау, мақталы таяқшаларымен бояу); дәстүрден тыс сурет салуды (құмда саусақпен немесе таяқшамен, алақандарымен, асфальтта түрлі-түсті борлармен) салуды. үсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндеу (аққала, поезд, шарбақ, моншақ,сырға қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады.**Шығармашылық дағдылар**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Математика неіздері** «Ұшады, ұшпайды ойыны» ойыны	**Математика неіздері** «Пішіндерге ұқсас заттарды тауып,сызып қос» ойыны **Қазақ тілі** Бұл менің Отаным. Қазақстан. Мақсат-міндеттер. Қазақстан туралы қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді; отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды; жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуді; Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің атауын жатқа білуді үйрету. Суреттерге және	**Математика неіздері** «Ұзын-қысқа» ойыны. Жұмыс дәптері тапсырма. **Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Математика неіздері** Құлыншақты дұрыс қой» ойыны Үлестірмелі материал:(жолақтар қызыл 10х3 см, көк 15х3, 4 құлыншақ) **Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Математика неіздері** Бір-көп» ойыны. Жұмыс дәптері тапсырма. **Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/ **Музыка** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/

		жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс объектілерге қызығушылықтар ын арттыру; бақылауды дамыту.				
	Көктемде балалар, айнала құлпыра түседі, құстар ән салады, ағаштар гүлдейді, табиғат оянып, гүлдер өседі. Күн жылынып, адамдар жеңіл киімдер киеді. - Ал шөптің арасында нелер	Ара туралы видео көрсету,таныстыру .**Қоршаған ортамен танысу** Бөренені аралар Әрбір үйде ара бар. Ағаш кессен, балалар, Тістеріне қарап ал, Ара кетік болмасын, Ақ бөпелер	Балалар, бүгін біз құмырсқа туралы әңгімелесеміз. Құмырсқаның суретін «сиқырлы экранның» ортаңғы әйнегіне қойып, сұрақтар қою:- Құмырсқа тірі табиғаттың қай жүйесіне жатады- Құмырсқа қандай? Денесі қандай? Түсі ше? Аяқтары	Көбелек-ау, көбелек,Әдемісін керемет!Гүлге келіп крна ғой,Өзің де гүл бола ғой.**Көркем әдебиет** Көбелектің түсіп қалған қанатын тауып, құрастыру. Бүгін осы көбелектер туралы көп нәрсе үйренеміз. 1. Олар көрмейді	Ұзын құйрық инелік Инелікке тимелік Верталетты жасады Инеліктен ұйреніп **Көркем әдебиет** Инеліктің суретін көрсету арқылы дене мүшелерін және көбейу жолдарын түсіндіру.**Қоршаған ортамен танысу**

	пайда болады? - Гүлдерге нелер қонады? - Ал олардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз?Әр жәндікпен жеке таныстыру.**Қоршаған ортамен танысу** Мынау не? - Жәндіктердің аяғы нешеу? 4, 2, 6 - Олар иісті сезе ме? - Ұша алатын (секіретін, жорғалайтын) жәндіктерді атандар. - Ең мазасыз жәндікті кім біледі? Ызыңдап ән салады Жүп – жұқа қанаты Тәттіге тамсанып Қоқысқа қонады Ол не? - Қалай ойлайсыңдар, ара	тоңбасын. Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтай білуге үйрету.**Көркем әдебиет** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.**Сөйлеуді дамыту**	неше?Мұртшалары бар ма?**Қоршаған ортамен танысу** Илеу – құмырсқаның жерде жасаған үйі – балаларға түсіндіру.- Сонда олар илеуінен шығып, не істеп жүреді жаз бойы?- Құмырсқалар немен қоректенеді?- Құмырсқалар адамға зиян келтіре ме?- Олардың илеуін бұзуға болады ма?- Қандай тағы да жәндіктерді білесіндер?**Сөйлеуді дамыту** Кіп – кішкентай құмырсқаБейім барлық жұмысқа Еңбекшіл, жоқ зияны,Қиянат етпе сен боска **Көркем әдебиет**	және естімейді 2. Тек жылы мезгілде ғана тіршілік етеді. 3. Олар қуыршақтан пайда болады. 4. 4 қанаты бар, өте нәзік, гүлмен қоректенеді. 5. Қыста ұйықтап жатады.**Құрастыру, қоршаған ортамен танысу**  Көбелекті ермексаздан жасау.**Мүсіндеу** Бұл көбелек. Бала схема арқылы айтып береді. Балалар бейнетаспа бойынша әңгімелеп береді. «Көбелектер жазық далада, гүлден гүлге қонып, өсімдіктердің жапырақтарына жұмыртқалайды. Жұмыртқалары жұлдызқұртқа айналады. Олар жұпты аяқтарымен қозғалады.**Сөйлеуді**	 Ермексаздан инелік жасау, геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру.**Математика негіздері,сөйлеуді дамыту,мүсіндеу**

	пайдалы жәндік пе, әлде зиянды жәндік пе? Гүлдерге қонады Шырынын сорады Түр – түсі сары – ала Бұл не? - Қандай жәндікті еңбеккор деп айтуға болады? Қылдай белі бүгілген Өзінен де жүгі үлкен. Ол не? Құмырсқаның үйі неге «илеу» деп аталатынын түсіндіреді. Біреуі илеу салады, бірі илеуге кіріп – шығатын жол салады, азық тасиды - Қалай ойлайсыңдар, құмырсқалар жалғыз тұра ма, әлде топтанып па? - Құмырсқа қысқа азық жинай ма? - Құмырсқаның илеуін бақылап,		 қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру,**жапсыру**	**дамыту**	

	жауынның жауатынын қалай білуге болады? (илеуге кіретін тесікті бекітіп тастайды) Қалай ойлайсыңдар, жәндіктер не үшін керек?**Сөйлеуді дамыту**				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека №7	Картотека №8	Картотека №9	Картотека №10	Картотека№11
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				

Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Қоңыздың суретін табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан жасау,**Құрастыру** заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету; Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалшықтан,	Ермексаздан ара жасау.**Мүсіндеу** қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады. **Жапсыру** қағаздан құрастыру. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету. **Құрастыру** Араның суретін	құмырсақынң суретін бояу.заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету;**Сурет салу** Ермексаздан құмырсқа жасау.**Мүсіндеу**	балаларды қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады. **Жапсыру.құрасытру**  көбелектің суретін салу,бояу.**Сурет салу**	 қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады. **Жапсыру.құрасытру**

	қамырдан, ермексаздан мүсіндеу, Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. **Жапсыру,сурет салу,мүсіндеу**	**салу.Сурет салу**			
Балалармен жеке жұмыс	Жәндіктер туралы сұрау	Тіл жаттықтыру	Суретпен жұмыс	Отбасы жайлы әңгіме	Түстерді сұрау
Кешкі ас	Балалардың дұрыс тамақтануын қадағалау.				
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары.				
Серуен	Қимылды ойын: Доппен ойын. Мақсаты: Қозғалыс координацияларын дамыту..	Қимылды ойын «Аяғыңды сулама» Мақсаты: Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.	Қимылды ойын «Ормандағы аюда». Мақсаты: белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау. Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: — Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау; — Ептіліктерін қалыптастыру; —	Қимылды ойын: «Ұшты ұшты». Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.

				Қозғалыс координациясын жақсарту.	
Балалардың үйге қайтуы	Баланың киім киіп үйренуі туралы әңгіме	Үстел үстінде қалай отыратыны, қалай тамақтанатыны жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме	Баланың эмоционалды көңіл-күйі жайлы әңгіме	Баланың демалыс күні немен айналысатыны жайлы әңгіме

Тексерілді:

Әдіскер: Сабитова З.А 24.04.23г.

Тәрбиешілер: Зейделова Б.М.
Бердикожанова Ж.Ш.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мамыр айы 2023 жыл I-апта

Білім беру ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.05-05.05.2023ж

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 01.05.2023ж**	**Сейсенбі 02.05.2023ж**	**Сәрсенбі 03.05.2023ж**	**Бейсенбі 04.05.2023ж**	**Жұма 05.05.2023ж**
Балаларды қабылдау		Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Шармен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу	Достар әнімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)		**Қимылды ойын:** «Жалаушаны тап», «Мысық пен тышқан» **Дене шынықтыру**	Үстел үсті ойыны – пазл: «Көктемгі егістік» **Әлеуметтік дағдылар**	Фотосуреттер қарастыру «Біз еңбекқор баламыз». **Әлеуметтік дағдылар**	Дидактикалық ойын Кімнің үйі ұя, апан ін көрсетіледі оларда тұратын жануарларды тауып орналастырады. **Әлеуметтік дағдылар**
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				

	жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау)**.Қоршаған ортамен танысу**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Математика негіздері** Д/о «Біреу,көп» ойыны Тақтада бір және көп заттардың суретті көрсету.Балалардан қай заттың біреуден, қай заттың көптен екенін сұрау. Балалар айтады	**Математика негіздері** «Бір-бірден, бірде-біреуі жоқ» д/ойыны Кірпілер тек алманы ғана емес, саңырауқұлақтарды да жақсы көретінін айтады. Суретте кірпілерді табуды ұсынады. Кірпілердің арқасында неше саңырауқұлақ барын ата? Себетте неше саңырауқұлақ барын ата?	**Математика негіздері** Д/ойын: «Тап та ата» қай тәулік бөлігінің бейнеленгенін атауды сұрау.	**Математика негіздері** Бұл қай кезде болады?» д/ойыны таңертең (таң) тәулік бөлігін тану және атау, осы ұғымды сөйлеу барысында қолдану; жұмбақты шешуді үйрету
		Қазақ тілі «Үйдің көркі не?». Жиһаздар.	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің	**Дене шынықтыру** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/

		Мақсат-міндеттер. Қазақстан, оның астанасы - Астана қаласы жайында қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды үйрету, жиһаздардың атауларын атап, не үшін қажет екенін түсінуді үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе сөйлеудің дұрыс үлгілерін қайталау арқылы диалогқа түсу қабілеттерін дамыту.		жоспары бойынша/	**Музыка** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/
